

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

ЗАҢ ИНСТИТУТЫ

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ

**«Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы»
пәні бойынша
«Азаматтық істердің ведомстволығы және соттылығы»
тақырыбында әзірленген
ДӘРІС**

**Әзірлеген: азаматтық-құқықтық пәндер
кафедрасының аға оқытушысы,
полиция майоры А.А. Қалиев**

**Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының ПӘС отырысында
талқылынып, мақұлданған. 2016 ж. «___» _____ №__ хаттама.**

ҚАРАҒАНДЫ 2016

ЖОСПАР:

Кіріспе

1. Ведомстволық бағыныстылықтың ұсымы мен тiрлерi.
2. Соттылықтың ұсымы мен тiрлерi.
3. Iстi бiр соттан екiншi сотқа берудiң негiздерi.

Қорытынды

Нормативтiк құқықтық актiлер

Қолданылған әдебиеттер

Кіріспе

Азаматтық-құқықтық даулар әр түрлі органдармен, мысалы, соттармен, аралық соттармен, бітімгерлік және келісім комиссияларымен, еңбек арбитражымен, өкілді және атқарушы органдарымен, нотариалдық органдармен шешілуі мүмкін. Қандай құзыретті орган азаматтық құқық туралы дауды шешуге өкілетті екендігін ескере отыра, осындай құқықтарды қорғаудың келесі нысандарын айтуға болады:

- 1) соттық нысан;
- 2) соттық емес нысан – яғни, қоғамдық, нотариалдық, әкімшілік және т.б. тәртіппен шешілетін даулар.

Жоғарыда көрсетілген органдардың әрқайсысы олардың қарауына заң тұрғысынан тиесілі болатын, яғни оларға ведомстволық бағынысты болатын азаматтық-құқықтық дауларды ғана қарастырады.

Талап арызы (арыз) сотқа түскен кезде сот ең алдымен берілген арызда көрсетілген талаптар сотта қарастырылуға және шешілуге тиіс па, әлде ол басқа құзыретті органмен қарастырылып, шешіледі ма екендігін анықтайды. Ал, құқық туралы даудың немесе заңды мүддені қорғау туралы даудың қай органда қарастырылатынын анықтау – азаматтық істің ведомстволық бағыныстылығын анықтауды білдіреді. Сондықтан да бүгінгі дәрісімізде осы сұрақтарға қатысты процессуалдық ережелер мен нормаларды қарастырамыз.

1. Ведомстволықтың ұғымы мен түрлері.

Ғылыми әдебиеттерде *азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылық ұғымына* қатысты әр түрлі пікірлер айтылған.

Кейбір авторлар бұл ұғым белгілі бір органның қарауына жататын істердің шеңберін білдіреді деп көрсетеді.¹

Ал басқалары ведомстволық бағыныстылықты азаматтық істердің субъективті құқықтарды және заңмен қорғалатын мүдделерді қорғаудың жекелеген нысандарын жіктеуге мүмкіндік беретін сипаттамалары деп көрсетеді.² Мұндай пікірді И.М.Зайцевта ұстанған. Оның айтуынша: «Ведомстволық бағыныстылық – бұл заңмен нақты құзыретті органның қарауына және шешілуіне жатқызылған істердің сипаттамасы».³

Бірақ, Ю.К.Осипов көрсеткендей, бұл екі ұғымының арасында елеулі айырмашылық жоқ.⁴

Үшінші топқа жататын авторлардың ойлары жоғарыда көрсетілген екі пікірден елеулі ажыратылады: ведомстволық бағыныстылық бұл орган құзыретінің элементі ретінде айқындалады. Басқаша айтқанда, олардың ойынша *тиісті құзыретті органның нақты өкілеттіктері оның ведомстволық қарастылығын білдіреді*. Мысалы, А.Ф.Козлов келесі анықтаманы ұсынады: «Соттық ведомстволық бағыныстылық – бұл сот органдарының құқық туралы дауларды және азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын басқа да істерді қарастыруға және шешуге құзыреттері, нақтырақ алғанда соттардың азаматтық істерді қарастыруға құзыреттері. Ведомстволық бағыныстылықтың мазмұны нысаналық құзыреттерді құрайды».⁵ Өзінің пікірін негіздей отыра А.Ф.Козлов, құқықтық реттеу ең алдымен субъектілердің құқықтық мәртебесін реттеуге бағытталған, сондықтан да оның негізгі элементі ретінде азаматтық істің өзі емес, сот болып табылады дейді. Ведомстволық бағыныстылықты анықтаған кезде әңгіме әрқашанда құқықты қолданудың сол немесе басқа да сұрақтарын қарастыруға құзыреттері бар органдар туралы болады,- деп көрсеткен.

Жалпы алғанда, ведомстволық бағыныстылықты анықтау кезінде соттың немесе басқа да құзыретті органның белгілі бір шеңбердегі азаматтық істерді шешу қабілеттілігі ескерілмей кетпейтіндігіне қатысты пікір күмән туғызбайтыны рас. Сондықтан да ведомстволық бағыныстылықтың ұғымына қатысты үшінші көзқарас барынша дұрыс деп есептеуге болады.

Ведомстволық бағыныстылыққа қатысты осындай көзқарас осы саладағы атақты процессуалист-ғалым В.Н.Щегловтың тарапынан да қолдау тапты.

¹ Клейнман А.Ф. Новейшие течения в советской науке гражданского процессуального права (Очерки по истории).- М.:1967.; Юдельсон К.С. Советский гражданский процесс: Уч.для юрид.вузов. – М.: Госюриздат,1951.; Осипов Ю.К. Подведомственность юридических дел: Учебное пособие. – Свердловск: Уральский рабочий, 1973.

² Елисейкин П.Ф. Гражданские процессуальные правоотношения. – Ярославль: ЯрГУ,1975г.

³ Зайцев И.М. Судебное разбирательство – процессуальная функция гражданского судопроизводства. – Вопросы теории и практики судебного разбирательства гражданских дел: Сб.науч.тр. – Саратов: Саратов.полит.ин-т,1998.

⁴ Осипов Ю.К. көрсетілген еңбегі.

⁵ Козлов А.Ф. Место суда среди других субъектов советского гражданского процессуального права //Ученые труды Свердловского юрид.ин-та. Вып.6. – Свердловск,1966.

Оның үстіне ведомстволық бағыныстылықты осындай тұрғыдан түсіну азаматтық іс жүргізу құқығы бойынша соңғы жылдары жарық көрген оқулықтарда былай деп белгіленген:

1) «Ведомстволық бағыныстылық – бұл құқық туралы даудың немесе басқа да заңдық істің сол немесе басқа құзыретті органның қарауына жатқызылуы»;⁶

2) «Ведомстволық бағыныстылықтың» құқықтық ұғымы орысша «ведать-жүргізу, қарастыру» деген етістіктен туындайды және азаматтық іс жүргізу құқығында дауларды және басқа да құқықтық сұрақтарды қарастыру және шешу бойынша органдардың құзыреттерін білдіреді».⁷

Осы айтылғандарды қорыта келе ведомстволық бағыныстылыққа келесідей анықтама беруге болады:

ведомстволық бағыныстылық – бұл азаматтық іс жүргізу тәртібінде қаралатын құқық туралы істер мен дауларды қарастыруға қатысты әр түрлі құзыретті органдардың арасындағы өкілеттіліктің бөлінуі.

Ғылыми әдебиеттерде көрсетілген бірнеше негіздерді (өлшемдерді) ескере отыра ведомстволық бағыныстылықтың бірнеше түрлерін ажыратуға болады. Бұл мәселенің теориялық өңделуіне Ю.К.Осиповтың ғылыми еңбектерінде кеңінен назар аударылған. Бізде оның көзқарасымен келісетін болғандықтан, осы сұрақтың негізін құрайтын маңызды жайттарға назар аударайық.

Біріншіден, азаматтық іс жүргізу тәртібінде қаралатын даулардың олармен қаралуға және шешуге жататын органдарға қатысты ведомстволық бағыныстылықтың келесі түрлері ажыратылады: *соттық, әкімшілік, қоғамдық және т.б.*

Екіншіден, істердің ведомстволық бағыныстылығын реттейтін ережелердің сипатына байланысты оны *жекеше (немесе ерекше) және көпшілік* деп түрлерге ажыратамыз.

Жекеше (немесе ерекше) ведомстволық бағыныстылық – бұл заңмен белгілі бір санаттағы істер мен дауларды тек қана бір құзыретті органның қарауына жатқызылуы. ҚР АІЖК-нің 26 бабы «біреулері – сотқа, ал басқалары сот болып табылмайтын органдарға ведомстволық бағынысты өзара байланысты бірнеше талаптар біріктірілген кезде барлық талаптар сотта қаралуға тиіс», - екендігін орнатады.

Көпшілік ведомстволық бағыныстылық - бұл заңмен белгілі бір санаттағы істер мен дауларды бірнеше құзыретті органның қарауына жатқызылуы.

Өз кезегінде нақты азаматтық істерді қарастыруға құзыретті бірнеше органдарды тандап алудың заңмен орнатылған әдісіне қарай көпшілік ведомстволық бағыныстылықты келесі түрлерге бөлеміз: *баламалы, шарттық (келісімдік), императивті, жағдайлық және аралас*. Әрқайсысын жеке қарастырып кетейік.

⁶ Гражданский процесс. Учебник / Под ред. В.А. Мусина, Н.А. Чечиной; Д.М. Чечота. – М.: Гардарика, 1996.

⁷ Гражданский процесс. Көрсетілген еңбек.

Баламалы ведомстволық бағыныстылық – бұл өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында белгілі бір органға жолданатын субъектінің қалауы бойынша ведомстволық бағыныстылық. Баламалы ведомстволық бағыныстылықтың ережелері құқықтық дауды сотпен немесе басқа да органмен шешуді көздейді. Ал, құқықтар мен заңды мүдделерді қорғаудың тиісті нысанын таңдап алуды тек қана осыған мүдделі тұлғаның өзі ғана іске асырады. Баламалы ведомстволық бағыныстылық азаматтық істердің ведомстволық бағыныстылығының кеңі тараған түрлерінің бірі болып табылады.

Мысалы, ҚР ӘҚБК-нің 655 б. 3 б. әкімшілік органдар мен лауазымды тұлғалардың қаулыларына дау айту туралы істердің баламалық ведомстволық бағыныстылығын бекітеді. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы іс бойынша әкімшілік органмен (лауазымды тұлғамен) шығарылған ұйғарым, шешім жоғары тұратын органда (лауазымы жоғары тұлғада) немесе осы орган (лауазымды тұлға) орналасқан аумақтағы сотқа шағымдалуы мүмкін.

Баламалы ведомстволық бағыныстылық сонымен қатар салық заңдармен де белгіленген.⁸ Салық төлеуші салық қызметі органымен дауды шағым беру тәртібінде қарастырғаннан кейін өзінің құқықтарын қорғау үшін жоғары тұрған органға немесе сотқа жолдана алады.

Салық кодексі келесі ережелерді бекітеді:

1. Осы кодексте көзделген ережелерге сәйкес салық төлеушінің салық тексеруі актісі бойынша хабарламаға шағымын қарауды салық қызметінің жоғары тұрған органы жүргізеді.

1-1. Салық төлеушінің уәкілетті мемлекеттік органның лауазымды адамдары жүргізген тексеру актісі бойынша хабарламаға шағымын қарауды осы Кодекстің 553-557 баптарында белгіленген тәртіппен тікелей уәкілетті мемлекеттік орган жүргізеді.

1-2. Салық төлеушінің сотқа шағым беруі салықтық тексеру актісі бойынша шағым келтірілген хабарламаның орындалуын тоқтата тұрады

2. Салық төлеуші салықтық тексеру актісі бойынша хабарламаға салықтың, өсімпұлдар мен айыппұлдардың есептелген сомасы бөлігінде, сондай-ақ салық қызметі органдары лауазымды адамдарының әрекеті (әрекетсіздігі) бөлігінде сотқа шағымдануға құқылы.

Жоғары тұрған лауазымды тұлғаға немесе органға шағымдану бұндай хабарламаның орындалуын тоқтата тұратындығы туралы ереже осы Кодекстің 557 б.1 б.көрсетілген.

Баламалы ведомстволық бағыныстылық, сонымен бірге, ҚР «Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы» заңының «Прокурордың әрекеттерін және актілерін шағымдау» деп аталатын 8-тарауында да көзделген. Бұл нормада «Прокурордың әрекеттері және актілері жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағымдануы мүмкін», - деген норма орын алған.

Шарттық (келісімдік) ведомстволық бағыныстылық заңның дауласушы субъектілерге өзара келісу арқылы өздерінің арасында пайда

⁸ ҚР «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 12.06.2001ж. кодексі. Заңды күшіне 01.01.2002ж. енген.

болған (немесе пайда болуы мүмкін) дауды қай органда қарастыратынын алдын ала бекітіп алуға мүмкіндік беретін ведомстволық бағыныстылық. Мысалы, ҚР АІЖК 25 бабына сай сотқа бағынысты мүліктік дау заң актілерінде тыйым салынбаған кезде тараптардың келісімі бойынша аралық соттың қарауына берілуі мүмкін. Азаматтық істерді аралық соттарда қарастырудың құқықтық негіздерін төменірек қарастырып кетеміз.

Императивті ведомстволық бағыныстылық – бұл құқық туралы дауды заңмен орнатылған жолмен және тәртіппен бірнеше құзыретті органдармен қарастыруға болатын ведомстволық бағыныстылық.

Мысалы, императивті ведомстволық бағыныстылық 16.07.99ж. ҚР «Патенттік заңымен» орнатылған. Бұл заңның нормаларын сәйкес патентті беруден бас тарту туралы шешімге қатысты шағымдар апелляциялық кеңесте қарастырылады (22 б. 6 және 10 тб., 23 б.3 б. және 29 б.2 б.). Ал апелляциялық кеңес өз ретінде Казпатенттің мамандандырылған құрылымды бөлімі болып табылады.

Апелляциялық кеңестің шешіміне келіспеушілік білдірген тұлға немесе патент иесі тиісті шешім алғаннан бастап алты ай мерзім ішінде сотқа шағымдана алады (32 б.3 б.).

Аралас ведомстволық бағыныстылық – бұл өзіне бірнеше ведомстволық бағыныстылықтың түрлеріне тән белгілерді қамтиды. Мысалы, еңбек дауларын заңда орнатылған тәртіппен қарастыруды аралас ведомстволық бағыныстылық ретінде қарастыруға болады, өйткені бұндай дауларға келіспелі және баламалы ведомстволық бағыныстылық ережелері тән болып келеді. Еңбек дауларын жалпы тәртіп бойынша келісім комиссияларында қарастыруға болады, сонымен бірге заң оны сотта қарастыру мүмкіндігін де жоққа шығармайды.

Азаматтық істердің соттарға ведомстволық бағыныстылығы.

Соттық ведомстволық бағыныстылық ретінде азаматтық істерді мәнісі бойынша қарастыру мен шешу бойынша соттардың құзыреті түсініледі.⁹

Азаматтық істердің соттарға ведомстволық бағыныстылығын орнатудың жалпы ережелері ҚР АІЖК 24 б. көрсетілген.

Біздер, құқық саласына қатысты қандай пән болмасын, қандай тақырып болмасын олардың бірден бір алғашқы қайнар көзі ретінде ҚР Конституциясына жүгінеміз. Сол сияқты, ҚР АІЖК 24 бабының нормалары да негізгі заңымызға сүйенген.

ҚР Конституциясының 76 бабында: «Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады», – делінген. Яғни, соттық ведомстволық бағыныстылықты кеңейту идеясы 1995 жылы Конституцияны қабылдаумен іске асырылды. Сондықтан да, түгелге жуық азаматтық-құқықтық даулар сотта қарастырылуға және шешілуге жатады, және де бұл: «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» принципіне сай келеді.

⁹ Баймолдина З.Х. көрсетілген еңбек 272 б.

Дегенмен, заңмен көзделген жағдайларда істердің ведомстволық бағыныстылығын (соттарға, соттық емес органдарға) сақтау керек.

Егер бұзылған немесе даулы құқықтарды, бостандықтарды және заңмен қорғалатын мүдделерді қорғау ҚР АІЖК-не және басқа заңдарға сәйкес өзгеше сот тәртібімен жүзеге асырылмаса, оларды қорғау туралы істерді соттар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарайды (ҚР АІЖК 24 б1 б.). Ал, мемлекеттік орган немесе оның лауазымды адамы қабылдаған актіге сотта дау жасауға болады.

Кейбір жағдайларда мүдделі тұлғалардың алдында тиісті дауды қай органда – сотта ма әлде басқа да құзыретті органда ма қарастырудың мәселесі туындайды, Басқаша айтқанда, бір құқық бұзушылықтан пайда болған бірнеше даулы фактілер әртүрлі құзыретті органдардың қарастыруына жатуы мүмкін. Осындай жағдайларға қатысты, соттық ведомстволық бағыныстылықтың басымдылығы ҚР АІЖК 26 бабында бекітілген: «Біреулері – сотқа, ал басқалары соттық емес органдарға ведомстволық бағынысты өзара байланысты бірнеше талаптар біріктірілген кезде барлық талаптар сотта қарастырылуға тиіс». Мысалы, жылу жүйелерімен қызмет көрсету компаниясының сапасыз әрекеттеріне сол ұйымның басшылығына, прокуратураға немесе сотқа жолдануға болады. Дегенмен, оқиға бір уақытқа, бір мезгілге және бір фактіге қатысты болса наразылық білдірген тұтынушылардың арыздары біріктіріліп, олар сотта қарастырылады.

Нақты даудың қай құзыретті органға бағынысты екендігіне қатысты күмән туындаса немесе қолданыстағы заңдарда қайшылықтар болған жағдайда оны сот қарастыруы керек.

Істі сотта қозғауға қатысты сұрақты дұрыс шешу үшін істердің ведомстволық бағыныстылығына қатысты тиісті білімдер және азаматтық іс жүргізу құқығымен қатар, материалдық құқық нормаларын ұғып алу қажет.

Соттарың қарауына құқық туралы дауларды қарастыру жатады.

Соттар талап арызының негізінде туындайтын істерді қарастырады. Яғни, соттар азаматтық, отбасылық, жер құқықтық қатынастарынан, табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қатынастар мен басқа да құқықтық қатынастардан, оның ішінде бір тараптың екінші тарапты билікпен бағындыруына негізделген қатынастардан туындайтын даулар жөніндегі талап қоюды қарайды.

Соттар ҚР АІЖК 25-29-тарауларындағы **ерекше талап қоюмен іс жүргізу** бойынша келесі істерді қарастырады:

1) сайлауға, референдумдарға қатысушы азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқықтарын қорғау туралы арыздар бойынша іс жүргізу;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларына дау айту туралы істер бойынша іс жүргізу;

3) мемлекеттік өкімет, жергілікті өзін өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айтуы туралы іс бойынша іс жүргізу;

4) нормативтік құқықтық актілердің заңдылығына орай даулар туралы іс бойынша іс жүргізу;

5) прокурордың органдар мен лауазымды адамдардың актілері мен іс-әрекеттерін заңсыз деп тану туралы жүгінуі.

Сонымен қатар, соттарға заңдарда тікелей көрсету жолымен даусыз сипаттағы істерде жатқызылады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесіне **ерекше іс жүргізу** жолымен қарастырылатын істер де жатқызылады. Олардың тізімі ҚР АІЖК-нің 31-39-тарауларында көрсетілген. Олар мыналар:

- заңдық маңызы бар фактілерді анықтау;
- азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану немесе азаматты қайтыс болды деп жариялау;
- азаматты әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе әрекетке қабілетсіз деп тану;
- азаматты психиатриялық стационарға мәжбүрлеп жатқызу туралы істер бойынша іс жүргізу;
- заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің банкроттығы туралы істерді қарау;
- жылжымалы мүлікті иесіз деп тану және жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығын тану;
- ұл (қыз) асырап алу туралы өтініштер бойынша іс жүргізу;
- азаматтық хал актілері жазбаларының жаңсақтықтарын анықтау;
- нотариаттық іс-әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға жасалатын шағымдар;
- көрсетушіге берілген жоғалған бағалы қағаздар және ордерлік бағалы қағаздар бойынша құқықтарды қалпына келтіру (шақыртылып іс жүргізу).

Соттар ҚР АІЖК 140 бабында көзделген даусыз талаптарды **бұйрық арқылы іс жүргізу** тәртібімен қарастырады. Сот бұйрығы келесі жағдайларды шығарылады:

- 1) егер талап нотариатта куәландырылған мәмілеге негізделсе;
- 2) егер талап жазбаша мәмілеге негізделсе және оны жауапкер мойындаса;
- 3) егер талап төленбеген вексельге, акцептінің болмауына және нотариус жасаған акцептінің күні белгіленуіне білдірілген наразылыққа негізделсе;
- 4) егер әкеліктің белгіленуіне немесе үшінші тұлғаларды тарту қажеттігіне қатысы жоқ, кәмелетке толмаған балалар үшін алименттерді өндіріп алу туралы талап мәлімделген болса;
- 5) егер азаматтардан және заңды тұлғалардан салықтар мен басқа да міндетті төлемдер бойынша бересіні өндіріп алу туралы талаптар болса;
- 6) егер қызметкерге аударылған, бірақ төленбеген жалақы мен өзге де төлемдерді өндіріп алу туралы талап мәлімделген болса;
- 7) егер жауапкерді немесе борышкерді іздестіру жөніндегі шығындарды өндіріп алу туралы талаптарды ішкі істер органдары немесе қаржы полициясы мәлімдеген болса;

8) егер кепіл беруші борышкерге кепілге салынған затынан өндіріп алу туралы ломбардтың талабы мәлімделген болса.

Соттар, сонымен бірге, шетел құқығы субъектілерінің (яғни, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың, шетелдіктердің қатысуы бар ұйымдардың, сонымен бірге халықаралық ұйымдардың) қатысуымен болатын дауларды да қарастырады. Ол туралы басқа дәрістерде егжей-тегжейлі қарастырамыз.

Азаматтық істердің аралық соттарға бағыныстылығы.

Азаматтық-құқықтық даулардан туындайтын даулар сонымен қатар аралық соттармен де қарастырылады және шешіледі. **Аралық соттар** дегеніміз, ғылыми тұрғыдан алғанда – бұл мүліктік дауларды шешу бойынша тараптардың келісімімен сайланатын соттар.¹⁰ Ал, заң нормасына жүгінетін болсақ ҚР «Аралық соттар туралы»¹¹ заңындағы 2 баптың 2-тармақшасына сай, аралық сот - тұрақты жұмыс істейтін аралық сот немесе тараптар нақты дауды шешу үшін құрған аралық сот. Дегенмен, екі ұғымның да мағынасы бір.

Азаматтық дауларды аралық соттарда қарастырудың тәртібі мен негіздері ҚР «Аралық соттар туралы» заңында көзделген.

Осы заңның 7 б. 2-т. сай: «Тараптар өздерінің арасында қандай да бір нақты құқық қатынастарына байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін дауларға қатысты аралық келісім жасасуы мүмкін».

Аралық соттардың судьяларына қойылатын талаптар аталмыш заңның 11 бабында көзделген.

Қажетті білімге ие, жоғары білімі бар, жиырма бес жасқа толған және аралық судьяның міндетін орындауға келісім берген, тараптардан тәуелсіз және істің нәтижесіне мүдделі емес жеке адам аралық судья болып сайлануы (тағайындалуы) мүмкін.

Дауды жеке-дара шешетін аралық судьяның жоғары заңгерлік білімі және заңгерлік мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс стажы болуға тиіс. Дау алқалы түрде шешілетін жағдайда аралық сот құрамы төрағасының жоғары заңгерлік білімі болуға тиіс.

Мыналар:

1) ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен құзыретті соттың судьясы болып сайланған немесе тағайындалған;

2) Заңда белгіленген тәртіппен сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адам;

3) Соттылығы алынбаған немесе өтелмеген не қылмыс жасады деп айып тағылған тұлға;

4) Мемлекеттік қызметші болып табылатын адам аралық судья бола алмайды.

Аралық соттың шешімі сол шешімде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде міндетті орындалуға жатады. Егер аралық соттың шешімінде мерзім

¹⁰ Басин Ю.Г., Грешиков П.Я., Сулейменов М.К. и др. Третейский суд: законодательство, теория и практика: Сб. науч.статей и документов. /Под ред. И. П. Грешикова. – Алматы: Юрид.центр «IUS»,2000. 6 бет.

¹¹ ҚР «Аралық соттар туралы» 28.12.2004ж. заңы

белгіленбесе, онда ол дереу орындалуға жатады (ҚР «Аралық соттар туралы» заңының 45 бабы).

Тараптар аралық соттың шешіміне Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен **құзыретті сотта шағым жасауы мүмкін.**

Аралық соттың шешіміне, егер өздерінің құқықтары қозғалған, аралық сот шешімінің күшін жою туралы өтініш берген тарап не тұлға:

1) аралық келісім ҚР заңдарында көзделген негіздер бойынша жарамсыз екендігінің;

2) аралық соттың шешімі аралық келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тура келмейтін дау бойынша шығарылғандығын, не аралық келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратындығының, сондай-ақ даудың аралық соттың ведомстволық қарауында болмауы салдарының дәлелдемелерін табыс еткен жағдайларда ғана жасалуы мүмкін.

Егер, аралық соттың аралық келісімде қамтылатын мәселелер жөніндегі қаулылары мұндай келісімде қамтылмайтын мәселелер жөніндегі қаулылардан бөлініп шығарылуы мүмкін болса, онда аралық соттың аралық келісімде қамтылмайтын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратын шешімнің сол бөлігі ғана күшін жоюы мүмкін.

3) Аралық соттың құрамы немесе аралық сотта іс қарау ҚР аралық сотта іс қарау туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтіндігінің;

4) Тарап аралық судьялардың сайлануы (тағайындалуы) туралы немесе аралық сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабардар етілмегендігінің не басқа да себептермен аралық сотқа өз түсіндірмелерін бере алмағандығының;

5) Аралық сот шешімі ҚР-ның заңдылық принциптері мен жариялылық тәртібіне қайшы келетіндігінің;

6) Дау аралық сотта іс қараудың нысанасы бола алмайтындығының дәлелдемелерін табыс еткен жағдайларда ғана шағым жасалуы мүмкін.

Дегенмен, барлық дауларды аралық соттарда қарастыруға болмайды. 7 баптың 5-т. сай: «Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттің, мемлекеттік кәсіпорындардың, кәмелетке толмаған адамдардың, заңда белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың, аралық келісімге қатысушылар болып табылмайтын адамдардың мүдделерін қозғайтын даулар, табиғи монополиялар субъектілерінің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығында үстем жағдайға ие болып отырған субъектілердің көрсетілетін қызметтерді ұсыну, жұмыстарды орындау, тауарларды өндіру туралы шарттардан туындаған, сондай-ақ банкроттық туралы істер жөніндегі даулар аралық соттардың ведомстволық қарауына жатпайды».

2. Соттылықтың ұғымы мен түрлері.

Азаматтық істерді қарастыру кезінде олардың тек қана ведомстволық бағыныстылығын емес, сонымен қатар олардың соттылығын анықтаған жөн болады. Сондықтан да соттылықтың ұғымын ведомстволық бағыныстылық ұғымынан ажырата білу керек.¹²

Сондықтан да, А.Ф.Козлов дұрыс көрсеткендей, соттардың құзыреттері ведомстволық бағыныстылықпен шектелмейді.¹³ Кез-келген сот азаматтық іс жүргізу құқық қатынастарының субъектілері бола отыра, әрқашанда белгілі бір азаматтық іс жүргізу құқықтары мен міндеттерінің иесі ретінде болады. Сондықтан соттылық ведомстволық бағыныстылықтың сот жүйесіне қатысты одан әрі жалғасы болып табылады. Соттылық туралы құқық нормалары ведомстволық бағыныстылық туралы нормалардан туындайды және олардың құрамдас бір бөлігі болып табылады. Бұл нормалар, мәнісінде, сот органдарының нақты құзыреттерін орнататын азаматтық іс жүргізу құқығының ортақ институтын құрайды. Бірінші сатыдағы (инстанциядағы) сотқа қатысты оған бір мезгілде ведомстволық бағыныстылық пен соттылық ережелері қолданылады.

Ведомстволық бағыныстылық пен соттылықтың өзара байланысы оларды ҚР АІЖК-нің “Ведомстволық бағыныстылық және соттылық” деп аталатын 3-тарауға бірге енгізуге негіз болды.

Сонымен бірге, “ведомстволық бағыныстылық” және “соттылық” ұғымдары бірдей мәністік сипаттамаға ие болғанымен, ұқсас ұғымдар болып табылмайды. Егерде, *ведомстволық бағыныстылық* әр түрлі құзыретті органдар арасындағы “еңбекті бөлісу” болса, *соттылық* – сот жүйесінің ішіндегі, яғни соттар арасындағы “еңбекті бөлісу”. Әрбір сот заңмен тек өзінің қарауына берілген істерді ғана қарастыруға және шешуге құқылы.

“Ведомстволық бағыныстылық” ұғымы сот өкілеттілігінің жалпы алғандағы шектерін анықтаса, “соттылық” істі мәнісі бойынша қарастыруға және шешуге қатысты нақты соттың құзыреттерін айқындайды.

Сонымен, **соттылық дегеніміз** – бұл соттарға ведомстволық бағынысты болатын азаматтық істерді қарастыру мен шешу бойынша бірінші сатыдағы соттың нақты құзыреттері.

ҚР-сы “Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы” конституциялық заңына сәйкес ҚР-ның сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғары соты мен Конституцияға және осы конституциялық заңға сәйкес құрылатын соттар құрайды. Қандай да болмасын атпен арнайы және төтенше соттарды құруға тыйым салынады.

Жергілікті соттарға жататындар:

1) облыстық және оларға теңестірілген соттар (республика ел ордасының қалалық соты, республикалық мағынасы бар қалалардың қалалық соттары, мамандандырылған соттар – ҚР Әскери күштерінің әскери соты және т.б.);

2) аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық, ауданаралық, мамандандырылған сот – гарнизонның әскери соты және т.б.).

¹² Гражданский процесс. Көрсетілген еңбек. 62 бет.

¹³ Баймолдина З.Х. Көрсетілген еңбегі. 283 бет.

Бұл конституциялық заңның нормалары болашаққа да есептелген деп айтуға болады. Себебі, осы конституциялық норманың 1 б.2 және 3 тт. сай Қазақстанда әскери, әкімшілік, кәметке толмағандардың істері жөнінде және т.б. да соттар құрылуы мүмкін. Дегенмен, ҚР-сы “Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы” конституциялық заңында мамандандырылған, аралық соттардың сот жүйесінің қайсысына жататындығы нақты көрсетілмеген. Бұл мәселе өзінің шешілуін талап етеді.

Жоғарыда айтылғандай ҚР сот жүйесіне кіретін әрбір сот тек өзіне қарасты ғана істерді қарастыруға және шешуге құқылы. Бұл жерде әңгіме тек бірінші инстанция бойынша істерді қарастыратын соттардың құзыреті туралы айтылып отыр.

Қазіргі қолданыстағы азаматтық істерді қарастыру тәжірибесінде соттылықтың құзыреттерін қарастыруға қатысты *тектес* және *аумақтық соттылықты* ажыратады.

Тектес соттылық сот жүйесінің әр түрлі деңгейлеріне жататын соттардың пәндік құзыреттерін анықтайды. Яғни, сот жүйесінде қарастырылуға жататын істердің барлығы өздерінің сипатына қарай бірінші сатыдағы келесі соттарда қарастырылады:

- 1) аудандық және оларға теңестірілген соттар;
- 2) облыстық және оларға теңестірілген соттар;
- 3) Қазақстан Республикасының Жоғары Соты.

Аумақтық соттылық сот жүйесінің сол немесе басқа құрылымды бөлігіне жататын соттардың нақты құзыреттерін анықтайды. Бұл тиісті соттың құзыреті таратлуына қатысты істің сол сотқа лайықты соттылықта болуы. “Соттың қызмет ету аумағының белгісі бір тектес соттардың арасында қайсысына тиісті азаматтық іс соттылы болатынын анықтауға мүмкіндік береді”.¹⁴ Сондықтан да аумақтық соттылық ережелері нақты аудандық (оларға теңестірілген) және облыстық (оларға теңестірілген) соттардың құзыреттерін орнатады.

ҚР Конституциясы 77 б.3-т.3-тармақшасы ешкімге, оның келісімінсіз заңмен көзделген соттылығын өзгертуге болмайтындығын орнатады.

Бұл конституциялық нормаға талқылау жасау ҚР Конституциялық Кеңесінің 06.03.1997 жылғы №3 “Қазақстан Республикасы Конституциясының 4 б.1-т., 14 б.1-т., 77 б.3-т.3-тт., 79 б.1-т. және 83 б.1-т. ресми талқылау туралы” қаулысында нақты мән-жайларға назар аударылған. Онда процесуалдық заңдармен әр түрлі санаттағы істер үшін соттылығын анықтау олардың спецификалық ерекшеліктерін, күрделілігін, істердің қоғамдық маңыздылығын, оларды тез және тиімді шешуді қамтамасыз етудің қажеттілігін ескереді делінген. Істердің ҚР АІЖК-мен көзделген соттылығын ҚР Конституциясы 77 б. 3-т. 3-тт. сай тараптардың келісімінсіз өзгертуге болмайды. Ал, Конституциялық нормалардың барлық Қазақстан аумағында басқа заңдарға қарағанда басым болатынын және қолданылуға міндетті екендігін біз білеміз.

¹⁴ М.К.Треушников. Көрсетілген еңбегі.

Сондықтан да тараптың келісімінсіз оған және оның ісіне соттылықты өзгерту тікелей Конституциялық нормаларды бұзу фактісі ретінде қарастырылуы керек.

Тектес соттылық.

ҚР АІЖК-нің 27, 28 және 29 баптары тектес соттылықтың ережелерін орнатады.

Соттылық ережелеріне сәйкес **Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына қарасты істер** ҚР АІЖК 29-бабында көзделген. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты бірінші саты бойынша:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық актілеріне;

2) республикалық референдум, ҚР Президентін және ҚР Парламент депутаттарын сайлауды дайындау мен өткізу жөніндегі ҚР Орталық сайлау комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне);

ҚР халықаралық шарттарға сәйкес басқа да істер ҚР Жоғарғы Сотында қаралуға жатқызылуы мүмкін.

Осы даулар туралы істердің ҚР Конституциясына және заңдарға сәйкес ҚР Конституциялық Кеңесінің құзыретіне кірмейтін бөлігі ҚР Жоғарғы Сотында қаралуға жатады.

ҚР Конституциялық Кеңесінің құзыреттерін орнататын Конституцияның 72 бабы келесі нормаларды көздейді:

1. Конституциялық Кеңес ҚР Президентінің, Сенат және Мәжіліс төрағаларының, Парламент депутаттары жалпы санының бестен бір бөлігінің, Премьер-министрдің жолдануы бойынша келесі сұрақтарды шешеді:

а) дау болған жағдайда Республика Президентін, Парламент депутаттарын сайлаудың және республикалық референдумды өткізудің заңдылығы туралы сұрақты шешеді;

б) Президент қол қойғанға дейін Парламентпен қабылданған заңдардың Конституцияға сәйкестігін тексереді;

в) Республиканың халықаралық шарттары ратификацияланғанға дейін олардың Конституцияға сәйкестігін тексереді;

г) Конституция нормаларына ресми түсініктер береді;

д) Конституцияның 47 б. 1 және 2 тармақтарымен көзделген жағдайларда қорытындылар береді.

Сонымен бірге, Конституциялық Кеңес Конституцияның 78-бабында көзделген жағдайларда соттардың жолдануларын қарастырады.

Облыстық және оларға теңестірілген соттардың қарауына жататын азаматтық істер ҚР АІЖК 28 бабында нақты көрсетілген. Облыстық және оларға теңестірілген соттар бірінші сатыдағы соттар ретінде:

1) талап қою бағасы арызды беру кезіне заңмен белгіленген он бес мың айлық есептік көрсеткіштен асатын кезде тараптары заңды тұлғалар, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар болып табылатын мүліктік даулар жөніндегі;

2) тараптардың бірі халықаралық немесе шетелдік ұйым болып табылатын;

3) министрліктер, басқа да республикалық атқарушы органдар мен ҚР Президентіне тікелей бағынатын, есеп беретін органдардың нормативтік құқықтық актілеріне дау айту туралы;

4) аумақтық сайлау комиссияларының референдум, ҚР Президентінің, өкілді органдар депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) азаматтардың дау айтуы туралы азаматтық істерді қарайды.

ҚР АІЖК 28-бабының 2-бөлімінде **тек қана Астана қалалық сотына қарасты істер** көрсетілген:

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде тұрақты тұратын ҚР азаматтарының ҚР-ның дипломатиялық өкілдіктері немесе консулдық мекемелері лауазымды адамдардың заңға қайшы әрекеттеріне талап қоюы жөніндегі істерді, сондай-ақ ҚР Үкіметінің, министрліктер мен басқа да республикалық атқарушы органдардың және ҚР Президентіне тікелей бағынатын, есеп беретін органдардың, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, ұйымдардың құқықтарына қатысты нормативтік емес актілеріне дау айту туралы істерді Астана қаласының соты қарайды.

Азаматтық-құқықтық даулардан туындайтын істерді қарастырудың басым көпшілігі сот жүйесінің негізгі звеносына (сатысына) жатқызылады. Ондай саты ретінде негізгі «ауыртпалықты» аудандық (қалалық) соттар көтереді.

Азаматтық істерді аудандық (қалалық) соттарда шоғырландыру оларды қарастыру үшін тиімді жағдайлар тудырады. Азаматтық-құқықтық даулардың басым көпшілігі дәл осы аудандық (қалалық) соттарда қарастырылатыны құпия емес. Өйткені бұл соттарда басқа соттарға қарағанда тараптармен тікелей жолдануға мүмкіндіктері көбірек болады, онда іске қатысушылар мен басқа да тұлғаларды іске қатыстыру, оқиға болған ерді қарастыру және т.б. процессуалдық әрекеттерді жасасу жоғары сатыдағы соттарға қарағанда оңайырақ болады. Сонымен қатар, тараптардың істі қарастыруға қатысты шығындары да азырақ болоады.¹⁵

Аудандық (қалалық) соттар және оларға теңестірілген соттар ҚР АІЖК 27 бабына сай ҚР Жоғарғы сотына және облыстық соттарға қарасты істерден басқа барлық істерді қарастыра алады. Бұл кез-келген азаматтық, отбасылық, тұрғын үй, сақтандыру, еңбек, әкімшілік, экологиялық және т.б. қатынастардан туындайтын істерді басым көпшілігінде алғашқы қарастыратын соттар болып табылады.

Азаматтық істерді заңда көзделген жағдайларда әскери және мамандандырылған соттар да қарауы мүмкін (ҚР АІЖК 30 б.).

Әскери соттармен азаматтық істер келесі жағдайларда қарастырылып, шешілуі мүмкін:

1) егерде жергілікті аумақта ерекше жағдайларға қатысты басқа да соттар жұмыс істемесе;

2) егерде қылмспен келтірілген зиянды өтеу туралы істі әскери соттар қарастырса;

¹⁵ *Осинов Ю.К.* Подведомственность и подсудность гражданских дел. – М.: Госюриздат, 1962.

3) әскери басқарма органдары мен лауазымды тұлғалардың әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығы туралы.

Басылымдардың бетінде жиі-жиі әскери соттардың құзыреттерін кеңейту туралы пікірлер айтылуда. Мысалы, әскери соттардың құзырына тараптардың бірі әскери қызметкерлер немесе әскери ұйымдар, әскери бөлімдер болып табылатын, сонымен қатар тараптардың бірі әскери заңды тұлғалар болып табылатын шаруашылық дауларды беру ұсынылуда.

Әскерилердің қатысуымен болатын даулардың әскери соттарға ведомствалық бағыныстылығының сұрақтары кезінде ҚР Жоғары Сотының «Әскери қызметшілер, ішкі істер органдары қызметкерлері және басқа да қызметкерлердің қызметін өтеуі немесе еңбек міндеттерін атқару кезінде туындайтын даулары бойынша соттардың заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы» 21.07.95ж. №3 қаулысымен реттелеген болатын.

Қазіргі уақытта жалпы құзыретті соттармен қатар арнайы мамандандырылған экономикалық соттар да құрылған. Бұл негізгі сот жүйесіне түсетін ауыртпалықты жеңілдетті. Бұндай соттарды құрудың тиімділігі кезінде Республикамыздың Жоғарғы Сотымен назар аударылған болатын.

Тектес соттылықты тараптардың келісісі арқылы өзгертуге болмайды. Бұндай келісімнің мағынасы тек жоғары тұрған сотпен өз қарауына төменгі соттың ісін алу туралы шешімі кезінде болады. Бұндай қорытынды ҚР АІЖК 8 б. 3-т. туындайды: «Ешкімге өзінің келісімінсіз ол үшін заңда белгіленген соттылығын өзгертуге болмайды. Жоғары тұрған соттың өзімен төменгі соттың жүргізетін ісін тараптардың келісімінсіз алып қоюға және өзінің іс жүргізуіне қабылдауға құқығы жоқ».

Аумақтық соттылық.

Тектес соттылықты анықтаған соң азаматтық істің бір деңгейдегі соттардың (аудандық немесе облыстық және оларға теңестірілген соттардың арасында) қайсысының қарауына жататындығын орнату керек.

Сот жүйесіне қарасты бір деңгейдегі сол немесе басқа сотқа қарасты істердің соттылығын анықтау аумақтық соттылық ережелерімен айқындалады. Соттылық туралы процессуалдық нормалардың сипатына қарай аумақтық соттылықтың бірнеше түрлерін ажыратады: *жалпы, баламалы, ерекше, келіспелі және істердің өзара байланысы бойынша соттылық.*

Жалпы аумақтық соттылық ҚР АІЖК 31 бабымен реттеледі. Оның ережелері мынадай:

- талап жауапкердің тұрғылықты жері бойынша сотта қойылады;
- заңды тұлғаға талап заңды тұлға органы орналасқан жері бойынша қойылады.

Азаматтың тұрғылықты жері ҚР АҚ 16-бабына сай орнатылады. Азаматтың тұрақты немесе көбінесе тұратын елді мекені оның тұрғылықты жері деп танылады. Ал он төрт жасқа толмаған адамдардың немесе қорғаншылықтағы азаматтардың тұрғылықты жері олардың ата-анасының, асырап алушыларының немесе қорғаншыларының тұрғылықты жері болып табылады.

ҚР АҚ 39-бабы заңды тұлғаның орналасқан жерін орнатады. Заңды тұлғаның тұрақты жұмыс істейтін органы тұрған жер оның тұрған жері болып

табылады. Заңды тұлғаның тұрған жері оның құрылтай құжаттарында пошталық толық мекен-жайы жызылып көрсетіледі.

Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста заңды тұлға өзінің нақты мекен-жайының бірінғай мемлекеттік тізілімге (реестрге) енгізілген мекен-жайға сәйкес келмейтініне сілтеме жасауға құқығы жоқ. Бұл орайда үшінші тұлғалар заңды тұлғаға мемлекеттік тізілімге енгізілген мекен-жайында да, нақты мекен-жайында да пошталық және өзге де хат-хабарлар жіберуге құылы.

Баламалы соттылық ережелері ҚР АІЖК 32-бабымен реттеледі. Бұндай соттылық істің заңда көрсетілген бірнеше соттардың арасынан талапкердің қалауы бойынша олардың кез-келгенінде қарастырыла алатынын білдіреді. Талап қоюшының қалауы бойынша істі қарастыратын сотты таңдау мүмкіндігі келесі жағдайларда көзделген:

1) тұрғылықты жері белгісіз не ҚР-да тұрғылықты жері жоқ жауапкерге талап оның мүлкі орналасқан жер бойынша немесе оның ең соңғы белгілі тұрған жері бойынша қойылуы мүмкін.

2) Заңды тұлғаға да талап оның мүлкі орналасқан жер бойынша қойылуы мүмкін.

3) Заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің қызметінен туындайтын талап та филиалдың немесе өкілдіктің орналасқан жері бойынша қойылуы мүмкін.

4) Алименттер өндіріп алу туралы және әке болуды анықтау туралы талаптарды талап қоюшы өзінің тұрғылықты жері бойынша қоя алады.

5) Мертігуден немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан, сон- дай- ақ асыраушысының қайтыс болуынан келген зиянды өтеу туралы талаптарды да талап қоюшы өзінің тұрғылықты жері бойынша немесе зиян келтірілген жер бойынша қоя алады.

6) Орындалу орны көрсетілген шарттардан туындайтын талаптар да шарттың орындалатын жері бойынша қойылуы мүмкін.

7) Некені бұзу туралы талаптар талап қоюшының кәмелетке толмаған балалары тұратын немесе денсаулық жағдайы бойынша талап қоюшының жауапкер тұратын жерге баруы ол үшін қиындық келтіретін жағдайларда да оның тұрғылықты жері бойынша қойылуы мүмкін.

8) Жалақыны, зейнетақы және жәрдемақыны өндіріп алу туралы талаптар, сондай-ақ заңсыз соттаудан, қылмыстық жауапқа заңсыз татудан, бұлтартпау шараларын заңсыз қолданудан не әкімшілік қамау түрінде әкімшілік жазаны заңсыз қолданудан азаматқа келтірілген зиянды өтеуге байланысты еңбек, зейнеткерлік және тұрғын үй құқықтарын қалпына кетіру туралы талаптар талап қоюшының тұратын жері бойынша қойылуы мүмкін. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыларға дау айту жөніндегі талаптар талап қоюшының тұрғылықты ері бйынша да қойылуы мүмкін.

9) Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы талаптар талап қою- ның тұрғылықты жері не шарттың жасалу немесе орындалу жері бойынша да қойылуы мүмкін.

10) Кемелердің соқтығысуынан келтірілген залалды өтеу туралы, сондай-ақ теңізде көмек көрсеткені және құтқарғаны үшін сыйақы алу туралы

тааптар жауапкер тұрған немесе кеме тіркелген порттың орналасқан жері бойынша қойылуы мүмкін.

Ерекше соттылық ҚР АІЖК 33 бабымен көзделген. Айрықша соттылық азаматтық істердің кейбір санаттарын тек заңда тікелей көзделген соттармен ғана қарастырылып, шешілетінін білдіреді. Бұндай шешімнің заң тұрғысынан алғандағы мақсаты – істің барлық мән-жайлары мен дәлелдемелерін жан-жақты және тиянақты зерттеу үшін тиімді жағдайлар қалыптастыру. Ерекше соттылық келесі жағдайларда қарастырылған:

1) жер учаскелеріне, үйлерге, үй-жайларға, ғимараттарға, жерге тығыз байланысты басқа объектілерге (жылжымайтын мүлік) құқықтар туралы, мүлікті тыйым салудан босату туралы тааптар осы объектілер немесе тыйым салынған мүлік орналасқан жер бойынша қойылады.

2) Мұра қалдырушыларға несие берушілердің мұраны мұрагерлердің қабылдап алуына дейін қойылған талаптары мұраға қалдырылған мүлік немесе оның негізгі бөлігі орналасқан жердегі соттың қарауына жатады;

3) Тасымалдаушыларға жүктер, жолаушылар немесе теңдеме жүкті тасымалдау шарттарынан туындайтын талаптар көлік ұйымының тұрақты жұмыс істейтін органы орналасқан жер бойынша қойылады.

Келіспелі соттылыққа қатысты процессуалдық нормалар ҚР АІЖК-нің 34 бабында орын алған. Аталған соттылық түрі тараптардың өзара келісулері арқылы тиісті істің соттылығын өзгерте алатындығын білдіреді, яғни тараптардың келісімімен істің аумақтық соттылық сұрағы шешіледі. Сондықтан да, процессуалдық нормаларға сәйкес тараптар өздерінің арасында пайда болған құқықтық дауды қай сотта қарастыру туралы сұрақты өз беттерімен шеше алады. Бұндай келісім жазбаша нысанда азаматтық иә болмаса басқа шарт көлемінде жеке құжат ретінде айқындалуы керек. Аумақтық соттылықты өзгерту туралы келісім тараптардың істі басқа сотқа беру туралы өтінішін беру жолымен айқындалуы мүмкін. Бұндай жағдайда келісім сот отырысының хаттамасында бекітілуі мүмкін.

Тараптардың келісімімен ерекше соттылық өзгертіле алмайды. Тараптарға өздерінің келісімі арқылы соттылықты өзгерту құқықтарын берудің мақсаты ретінде олардың мүдделерін барынша ықтимал және тиімді қамтамасыз ету болып табылады.¹⁶

Өзара байланысты бірнеше істің соттылығы ҚР АІЖК 35-бабымен реттеледі. Соттылықтың бұл түрі бір өндіріске біріктірілген бірнеше талап арыздары (арыздары) бар істерді қай сот қарастыратынын және шешетінін орнатады. Бұндай ереженің мәнісі келесіде: аумақтық соттылыққа қарамастан құқық туралы дау осы даумен байланысты іс қарастырылып жатқан сотта қарастырылады.

Әр жерде тұратын немесе әр жерде орналасқан бірнеше жауапкерге талап қоюшының таңдауымен жауапкердің біреуі тұратын немесе орналасқан жер бойынша қойылады.

¹⁶ *Осинов Ю.К.* Көрсетілген еңбегі.

Бір арызға біріктірілген, әр түрлі соттардың соттауына жататын талаптар, егер бұл ретте жоғары тұрған соттың судьясы бұл талаптарды бөлу туралы ұйғарым шығармаса, мәлімделген талаптардың бірі соттауына жатқызылған жоғары тұрған сотта қаралады.

Дербес талабын мәлімдеуші үшінші тұлғаның талабы және қай сотта қарастырылатынына қарамастан қарсы талап бастапқы талапты қараған жердегі сотқа беріледі.

Қылмыстық істен туындайтын талап, егер ол қылмыстық іс жүргізілген кезде азаматтық талап қою ретінде мәлімделген немесе шешілмеген болса, соттылық туралы ережелер бойынша азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға беріледі.

3. Істі бір соттан екінші сотқа берудің негіздері.

Жалпы ереже бойынша соттылық ережелерін сақтай отырып сот қарастыруға қабылданған іс, кейіннен ол басқа соттың қарауына жатса да, мәні бойынша шешілуге тиіс (ҚР АІЖК 36 б.1 б.).

Азаматтық істі қозғағаннан кейін оның соттылығын өзгерту (мысалы, жауапкермен тұрғылықты жерін ауыстыруға байланысты) бұл істі бір соттан басқа сотқа ауыстыру салдарын тудырмайды. Іс қай сотта қарастырыла бастаса сол сотта соттылық ережелерін сақтай отыра қарастырыла және шешіле береді.

Істі бір соттан екінші сотқа беру тек заңда көзделген жағдайларда ғана мүмкін болады, және бұндай негіздердің тізімі нақты көрсетілген.

ҚР АІЖК 36 б. 2 б. сай егер:

1) тұрғылықты жері бұрын белгісіз болған жауапкер істі өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа беру туралы өтініш жасаса;

2) бір немесе бірнеше судьяға қарсылық білдірілгеннен кейін, сондай-ақ назар аударуға тұратын басқа мән-жайлар бойынша судьяларды ауыстыру немесе аталған сотта істі қарау мүмкін болмаса;

3) істі аталған сотта қарау кезінде оның істің соттылық ережелерін бұза отырып қабылданғаны анықталса;

4) тиісті соттың өзіне қарсы талап қойылса, сот істі басқа соттың қарауына береді.

Сонымен бірге, ҚР АІЖК 135 б.1 б. сай жауапкердің іс жүзінде болған жері белгісіз болған жағдайда тұрғын үй-пайдалану ұйымының, жергілікті өзін өзі басқару органының немесе жауапкердің соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органның немесе оның соңғы белгілі жұмыс орны бойынша әкімшіліктің шақыру қағазын немесе өзге де хабарландуды, шақыруды алғанын куәландыратын жазбамен олар сотқа келіп түскеннен кейін сот істі қарауға кіріседі.

Жауапкердің тұрғылықты жері белгісіз болған жағдайда талап арызы баламалы соттылық ережелеріне сай талап оның мүлкі орналасқан жер бойынша немесе оның ең соңғы белгілі тұрған жері бойынша қойылуы мүмкін. Сондықтан да істі бір соттан екінші сотқа бірінші аталған негіз бойынша беру ҚР Конституциясы 77 б. 3-т 3-тт.-да және ҚР АІЖК 8 б. 3 б.-да көзделген нормаларға сай тек қана тараптардың келісімі негізінде мүмкін болады. Өзінің қарауында тиісті іс бар сот оны басқа сотқа беру туралы ұйғарымды тек қана жауапкердің өтінішімен емес, сонымен бірге оған талапкердің келісімі негізінде шығарады.

ҚР АІЖК 36 бабының 2-тармағындағы 3-тармақшада көрсетілген негіз бойынша істі бір соттан екінші сотқа беру арқылы арызды қабылдау кезінде істің соттылығына қатысты судьямен жіберілген қателік түзетіледі. Бұл жағдайда соттың өз құзыреті шегінен шыққандығының фактісі орнатылады. Соттылық ережелері бұзылуын түзету туралы сұрақты мүдделі тұлғаның арызы негізінде сот өз ынтасымен шешуі де мүмкін. Бұл сұрақ іс қай соттың қарауында болса, дәл сол сотпен шешіледі және істі басқа сотқа беру туралы ұйғарым шығарылады.

Сонымен, ҚР АІЖК 36 б. 2 б. 1 және 3 б. көзделген негіздер бойынша істі басқа сотқа беру қай сотта іс қозғалса дәл сол соттың ұйғарымымен ауыстырылады.

Бірақ, тараптың (тараптардың) істің бұл сотқа қарасты еместігі туралы арыздары барлық жағдайларда қанағаттандырыла бермейді, кейбір кездерде сот бұндай арыздарды қанағаттандырмай да қоюы мүмкін. Ал соттың бұндай ұйғарымымен келіспеген тұлға оған жеке шағым бере алады. Бұндай шағым жоғарғы тұрған сотпен қарастырылып, бұндай сот та шағымды (наразылықты) қанағаттандыруға негіз жоқ деген шешімге келсе, сот ұйғарымы заңды күшіне енеді және оны қайта шағымдауға болмайды. Сондықтан да, істі басқа сотқа беру ол туралы ұйғарымға шағым немесе наразылық беру үшін мерзім өткеннен кейін, ал шағым берілген жағдайда – бұндай шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы ұйғарым шығарылғаннан кейін ғана іске асырылады.

ҚР АІЖК 36-б. 2 б. 2-т-ында көзделген негіздер бойынша істі басқа сотқа беру егерде тиісті соттың судьялары дәл осы істі қарастыруды жүргізген болса, сонымен қатар, судьяларға қарсылық берілсе немесе судья өзіне қарсылық жарияласа және бұндай өтініш қанағаттандырылған жағдайларда іске асырылады. ҚР АІЖК 39-бабы судьяның істі қарауға қайта қатысуына жол берілмейтіндігінің негіздерін орнатады, ал судьяға қарсылық жариялау ережелері ҚР АІЖК 40-б. көзделген.

Істі басқа сотқа беру үшін оны тиісті сотта қарастыруға мүмкіндік бермейтін, назар аударуға тұратын басқа да мән-жайлар негіздер ескерілуі мүмкін (мысалы, азаматтық істің шешілуіне жергілікті адамдар әсер ететін болса, сотта қарастырылып жатырған істер тым көп болса және т.б.).

ҚР АІЖК 36-б. 2 б. көзделген негіздер бойынша істі басқа сотқа беру жоғарғы тұрған сот судьясының ұйғарымымен осы сот төрағасының немесе төменгі сот судьясының ұсынысы бойынша іске асырылады.

Сотқа қарсы берілген талап арызы бойынша қозғалған іс жоғарғы тұрған сот судьясының ұйғарымымен басқа сотқа ауыстырылады (ҚР АІЖК 36 б. 2 б.).

Істің соттылығы туралы Қазақстан Республикасындағы соттардың арасындағы дауларды жоғары тұрған сот шешеді, оның шешімі түпкілікті болып табылады және шағымдануға, наразылық келтіруге жатпайды.

Істің соттылығы туралы ережелерді сақтамаудың салдары.

Соттылық, кез-келген мүдделі тұлғамен сотқа қорғану үшін жолдану құқығын тиісті түрде іске асырудың бірден бір негізі болып табылады.

Заңмен орнатылған соттылық ережелерін сақтау сот үшін де міндетті болып келеді. Сондықтан да сот өзіне заңмен берілген құзыреттер шегінде қызмет етуі керек.

Осыған орай, соттылық ережелерін сақтамаудың келесі құқытық салдары көзделген:

1) егер де іс тиісті сотта қарауға жатпайтын болса, судья ҚР АІЖК 154 б. 1 т. 2 бөлімшелері негізінде арыз берушіге онымен берілген талап арызын қайтарады. Бұл туралы судья дәлелді ұйғарым шығарады, онда арыз берушіге қандай сотқа жүгіну қажеттігі көрсетіледі.

2) Егерде істің осы сотқа қарасты емес екендігі іс қозғалғаннан кейін анықталса, ол ҚР АІЖК 36 б. 2т. негізінде басқа сотқа беріледі.

3) Төменгі тұрған сот өзіне қарасты емес іс бойынша шешім шығарған болса, берілген шағым немесе наразылық негізінде апелляциялық иә болмаса қадағалау сатысында істі қарастыратын жоғарғы тұрған сот бұл шешімнің күшін жояды, егерде іс жүргізу нормаларын бұзу істің дұрыс шешілмеуіне келтірген немесе келтіруі мүмкін болса (ҚР АІЖК 366 б.2 т., 379 б., 398 б. 4т.).

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біздер азаматтық іс жүргізу құқығының ерекше бөліміндегі нормалар соттылық ережелерінің бұзылуы барлық жағдайларда сот шешімінің күшін жоюға әкеле бермейтінін орнататынын анықтадық.

Қорытынды

Азаматтық-құқықтық даулардан туындайтын істерді қарастырудың басым көпшілігі сот жүйесінің негізгі звеносына (сатысына) жатқызылады. Ондай саты ретінде негізгі «ауыртпалықты» аудандық (қалалық) соттар көтереді.

Азаматтық істерді аудандық (қалалық) соттарда шоғырландыру оларды қарастыру үшін тиімді жағдайлар тудырады. Азаматтық-құқықтық даулардың басым көпшілігі дәл осы аудандық (қалалық) соттарда қарастырылатыны құпия емес. Өйткені бұл соттарда басқа соттарға қарағанда тараптармен тікелей жолдануға мүмкіндіктері көбірек болады, онда іске қатысушылар мен басқа да тұлғаларды іске қатыстыру, оқиға болған ерді қарастыру және т.б. процессуалдық әрекеттерді жасасу жоғары сатыдағы соттарға қарағанда оңайырақ болады. Сонымен қатар, тараптардың істі қарастыруға қатысты шығындары да азырақ болоады.

Әр жерде тұратын немесе әр жерде орналасқан бірнеше жауапкерге талап қоюшының таңдауымен жауапкердің біреуі тұратын немесе орналасқан жер бойынша қойылады.

Бір арызға біріктірілген, әр түрлі соттардың соттауына жататын талаптар, егер бұл ретте жоғары тұрған соттың судьясы бұл талаптарды бөлу туралы ұйғарым шығармаса, мәлімделген талаптардың бірі соттауына жатқызылған жоғары тұрған сотта қаралады.

Дербес талабын мәлімдеуші үшінші тұлғаның талабы және қай сотта қарастырылатынына қарамастан қарсы талап бастапқы талапты қараған жердегі сотқа беріледі.

Қылмыстық істен туындайтын талап, егер ол қылмыстық іс жүргізілген кезде азаматтық талап қою ретінде мәлімделген немесе шешілмеген болса, соттылық туралы ережелер бойынша азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға беріледі.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біздер азаматтық іс жүргізу құқығының ерекше бөліміндегі нормалар соттылық ережелерінің бұзылуы барлық жағдайларда сот шешімінің күшін жоюға әкеле бермейтінін орнататынын анықтадық.

Нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі. 2015 жылғы 31 қазан Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (Жалпы бөлім). 1994 ж. 27 желтоқсан. (2016.04.21. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
3. Қазақстан Республикасының Салық кодексі. 2008 жылғы 10 желтоқсан. (2016.28.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
4. Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» Заңы. 1997 ж. 05.12. (2016.08.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
5. Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» 1995 ж. 21.12. Заңы. (2016.06.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
6. Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңы. (2016.29.03. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).
7. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Азаматтық процестік заңнамасының кейбір нормаларын қолдану туралы» №2 нормативтік Қаулысы. 20.03.2003 ж. (2012.29.12. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) Параграф-WWW: ақпараттық жүйе. [http:// online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ильясова Г.А. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Жалпы бөлім. Қарағанды: САНАТ-Полиграфия, 2008.-135 б.
2. Егембердиев Е.О. Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы. Оқу құралы. Астана: ФОЛИАНТ, 2006.-388 б.
3. Аленов М. А. Гражданское процессуальное право: Учебное пособие Астана: ТОО «ПрофиМакс ДК», 2010 - 402с.
4. Баймолдина З.Х. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Оқулық. Алматы: ҚазМЗА, 2001ж.
5. Вилкут М.А., Зайцев И.М. Гражданский процесс России: Оқулық. – М.: Юристъ, 1999.
6. Калачева С. А. Адвокаты и представители в гражданском процессе/ С.А. Калачева, Е.С. Калачев. М.:ПРИОР, 2001.-252 б.
7. Нурмашев У. У. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Краткий курс: учебное пособие. Алматы : NURPRESS, 2012 - 476 с.
8. Туманова Л. В. Гражданское процессуальное право [Электронный ресурс]: электронный учебник. М.: КНОРУС, 2011